**Автор**: Смагулов Буркит Турлыбаевич
**Пән**: Дене шынықтыру
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Ойын арқылы мәселелерді шешу дағдылары
**Тақырып**: Сергектікті,тапқырлықты және ұқыптылықты дамыту ойындары. Баскетбол.

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | **8.2.1.1** Өзгермелі жағдайға жауап қайтара білу қимыл-әрекеттерімен байланысты білімді көрсете білу |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>1.Өзгермелі жағдайда өзі білетін әдістерін қолданады.<br>2.Қимыл-әрекеттерімен байланыстырады.<br>3.Өз білімін көрсетеді.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>1.Өзгермелі жағдайда жауап қайтара біледі.<br>2.Қимыл –әрекеттерімен байланыстыра алады.<br>3.Өз білімдерін көрсете біледі,қолданады<br>**Оқушылардың кейбірі орындай алады:**<br>1.Өзгермелі жағдайда жауап қайтара біледі,көшбасшылық дағдысын дамытады.<br>2.Қимыл –әрекеттерімен байланыстыра алады,төрешілік қызметін ұйымдастырып атқара алады.<br>3.Өз білімдерін көрсете біледі, басқаларға үйретеді |
| Тілдік мақсаттар: | **Пәндік лексика және терминалогия: қазақша.орысша, ағылшынша**<br>Айып доп-штрафной мяч-free kick;<br>Тізе бүгу-сгибать колени-bend your knees;<br>Себетке лақтыру-бросок в корзину-throw in the basket;<br>Лақтыру аймағы-штрафная зона-penalte basket. Пас-pass;<br>Допты алып жүру-ведение мяча-dribbling<br>Допты лақтыру- брасок мяча-ball thrjw |
| Құндылықтарды дарыту: | “Мәңгілік Ел” бағдарламасынан:Еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу.<br>Бейнежазба,Интербелсенді тақта.<br>https://yandex.kz/video/search?filmId=2453615170547127514&text=жесть%20судей%20в%20баскетболе<br>Жесты баскетбола |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Бейнежазба,Интербелсенді тақта.<br>https://yandex.kz/video/search?filmId=2453615170547127514&text=жесть%20судей%20в%20баскетболе<br>Жесты баскетбола |
| Пәнаралық байланыс: | Физика,математика,биология,орыс,ағылшын тілімен байланыс |
| Коммуниктивтық оқыту: Диалог: | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>-Допты қалай алып жүру керек?<br>-Себетке допты калай лақтыруқажет?<br>-Әріптесіне допты қалай дәл беру керек?<br>**Неліктен екенін айта аласыңдар ма?**<br>-Не себепті себет керек деп ойлайсыз?<br>-Не себепті допты кеуде тұсынан береді деп ойлайсыз?<br>-Не себепті допты жерге ұрып барып,лақтырады деп ойлайсыз? |
| Блум таксономиясы: | Білу, тану, тусіну, қолдану,талдау,жинақтау,бағалау |
| Ишара: | 5e396b7676e3c.png Image not found or type unknown |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>(10 мин) | Сәлемдесу.<br>Сабақтың тақырыбын,мақсатын хабарлау.<br>Қауіпсіздік ережесі мен сабаққа дайындығын ескеру.<br>**Психологиялық ахуал:**<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру:<br>«Суретке байланысты тілек» тренинг.Оқушыларды шеңберге шақыру.<br>Стикерлерге салынған әртүрлі суреттерді ұсыну.<br>Суретті не үшін таңдағанын білу. Оқушылар таңдаған суретке байланысты тілектер айтады.<br>**Белсенді оқыту:**<br>**(Доп, сетка,ысқырғыш)**<br>Сапттық жаттығулар: 1 Оңға, солға бұрылу, кері айналу 4 рет 2 Дене қыздыру жаттығулары Қол иықтан жоғары ішкі бетіқарама қарсы қалыпта аяқтың ұшына күш түсіру алаңды айналып жүру Қол желкеде өкшемен жүру, Қол белде табанның ішкі және сыртқы қырымен жүру<br>**Жүгіру және жүру жаттығулары** Жәй жүгіріспен жүгіру, Қол алдыға тізені алма кезек жоғары көтеріп жүгіру Қол артында өкшені тигізу Оң қапталмен қолды ішке қарай айналдыра жүгіру Сол қапталмен қолды сыртқа  қарай айналдыра жүгіру Қол белде жерге отырып жүру Қол желкеде оң және сол қапталмен жүру<br>**Тыныс алу жаттығулары** Қол жоғары көтеріп мұрынмен тыныс алып , ауызбен дем шығарып алаңды жәй жүріспен айналу<br>**Жалпы дене дамыту жаттығулары:** Оқушылар спорт алаңында төрт қатарға бөліне сап тізеді 1.Қол белде аяқ иық деңгейінде мойынды оңға солға айналдыру 4 рет 2. Қол ұшы иықта бастапқы қалып иықты алға артқа қарай айналдыру 4 рет 3.Б.қ қол белде белді оңға солға айналдыру 4рет 4.Б.қ оң қол жоғары сол қол белде солға қарай бір екі ,үш төрт сол қол жоғары оңға қарай еңкею Жаттығу аяқталды, тапсырмасыз оқушылар қарама қарсы тұрып тыныс алу жаттығуын жасаймыз Доп жоғары лақтырғанда терең тыныс аламыз, доп төмен түскенде ауызбен дем шығарамыз Екі қол белде мұрнымен демді алып аузымен демді шығарады.<br>**Тарихы:** Баскетбол ойынының Отаны АҚШ.Ойын Массачусетс штатында 1891 жылы,Спрингфильде Христиан жастар ассоциасы оқу орталығында ойластырылған. Ол алғашқы уақытта балконға екі жеміс салатын себетті іліп қойып,пайдаланған.<br>**Диалог:**<br>Жаңа сабақты терең түсіну мақсатында диалог жүргіземін.<br>Сұрақ-жауап әдісі бойынша:<br>-Допты қалай алып жүру керек?<br>-Себетке допты калай лақтыру қажет?<br>-Әріптесіне допты қалай дәл беру керек?<br>-Не себепті себет керек деп ойлайсыз?<br>-Не себепті допты кеуде тұсынан береді деп ойлайсыз?<br>Жалпы денені дамытуға арналған жаттығуларын орындату.<br>**Тілдік мақсат:**<br>Айып доп-штрафной мяч-free kick;<br>Тізе бүгу-сгибать колени-bend your knees;<br>Себетке лақтыру-бросок в корзину-throw in the basket;<br>Лақтыру аймағы-штрафная зона-penalte basket.<br>Пас-passДопты алып жүру-ведение мяча-dribbling<br>Допты лактыру- бросок мяча-ball thrjw | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(20 мин) | Жарыс сабаған ұйымдастырудан басталады.<br>Баскетбол ойыны **«Шеңберден орын ал»** ойыны.Екі топқа бөліп жеңілдетілген ережемен ойын ойнатамын.бір команда шабуылшылар,ал екіншісі қорғаушылар ролінде.Мұғалімнің сигналы бойынша оқушылар допты жүргізіп,шабуылды бастайды. Допты оң және сол қолмен жүргізіп ойнау, өзгермелі жағдайға жауап қайтара білу қимыл-әрекеттерімен байланысты білімді көрсете білуталқылау және бейімдей білуді түсіндіремін. Тапсырманы дұрыс орындаған команда жеңіске жетеді. Доппен қозғалу техникасын дамыту. Ықшамдалған ережемен баскетбол ойыны.<br>Жаңа сабақты терең түсіну мақсатында диалог сабағын жүргіземін.<br>Сұрақ-жауап әдісі бойынша:<br>-Алаңда қанша ойыншы ойнайды?<br>-Баскетбол ойынының шығу тарихы?<br>**Жаңа сабақ:**<br>-Допты бір қолмен алыпжүру.<br>-Себетке допты лақтыру.<br>-Допты әріптесіне кеуде тұсынан беру.<br>**Оқушының нақты физикалық денгейін анықтау.**<br>Ойын.<br>**Саралау:** жекелей жұптық топтық<br>А тобы біледі, түсінеді және аздап жасайды.<br>**Тапсырма:** Баскетбол ойынының ережелерін сақтау арқылы ойын элементтерін көрсету Б тобы біледі ,түсінеді,берген жүктемені барынша орындайды<br>**Тапсырма:** Баскетбол ойынының ережелерін сақтау арқылы ойын элементтерін көрсете отырып шабуылдау,қорғану тәсілдерін көрсету С тобы біледі, түсінеді ,берілген жаттығуды толығымен өз бетінше жасайды<br>**Тапсырма**: Баскетболдың шығу тарихын айта отырып, ережелерін ескеріп,ойынның әдіс-тәсілдерін үйрету , көрсету | |
| Сабақтың соңы<br>(5 мин) | **Дескриптор:**<br>**I.** Шабуылда және қорғаныста нәтижелі ойын үлгісін көрсетеді. Қимыл-қозғалыс түрлері арқылы алдау тәсілдерін көрсетеді. Білім алушы баскетбол ойындарының қарапайым дене жаттығуларымен ұқсастығын және айырмашылығын салыстырады.<br>**II.** Көшбашылык қасиетін көрсетеді Допты жүргізу,пас,тосқауыл қою,сақинаға лақтыру әдістерін орындайды. Өзгермелі жағдайда жауап қайтара біледі.<br>**III.** Қимыл –әрекеттерімен байланыстыра алады,төрешілік қызметін ұйымдастырып атқара алады. Өз білімдерін көрсете біледі, басқаларға үйретеді Көшбасшылық дағдысын дамытады. | |
| Рефлексия<br>(5 мин) | Қорытынды:<br>**Кері байланыс:**<br>Бүгінгі сабақта болған көңіл-күйді смайлик арқылы бағалаймын.<br>**Рефлексия:** БББ кестесін пайдаланамын Білемін. Білдім. Білгім келеді. Топтық бағалау Баскетбол ойынының ерекшелігін айтыңыз? | |